

Нарықтық экономика кезінде мамандарды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру және кәсіпорындардың басшылары мен кәсіпкерлер үшін оқу турларын ұйымдастыру саласындағы сыртқы байланыстарды үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 9 қаңтардағы N 24. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Нарықтық экономика кезінде мамандарды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру және кәсіпорындардың басшылары мен кәсіпкерлер үшін оқу турларын ұйымдастыру саласындағы сыртқы байланыстарды үйлестіру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "1994-1995 жылдары Реформаларды тереңдету және экономиканы тұрақтандыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспары туралы" 1994 жылғы 29 шілдедегі N 849 қаулысын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 32, 355-бап) орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Нарықтық экономика кезінде мамандарды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру және кәсіпорындардың басшылары мен кәсіпкерлер үшін оқу турларын ұйымдастыру саласындағы сыртқы байланыстарды үйлестіру жөніндегі Ведомствоаралық комиссия қосымшаға сәйкес құрылсын.

2. Нарықтық экономика кезінде мамандарды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру және кәсіпорындардың басшылары мен кәсіпкерлер үшін оқу турларын ұйымдастыру саласындағы сыртқы байланыстарды үйлестіру жөніндегі Ведомствоаралық комиссия туралы беріліп отырған Ереже бекітілсін.

3. Нарықтық экономика кезінде мамандарды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру және кәсіпорындардың басшылары мен кәсіпкерлер үшін оқу турларын ұйымдастыру саласындағы сыртқы байланыстарды үйлестіру жөніндегі Ведомствоаралық комиссия қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің

Қосымша

Нарықтық экономика кезінде мамандарды қайта даярлау
мен олардың біліктілігін арттыру және кәсіпорындардың
басшылары мен кәсіпкерлер үшін оқу турларын ұйымдастыру
саласындағы сыртқы байланыстарды үйлестіру жөніндегі
Ведомствоаралық комиссиясының

ҚҰРАМЫ

- Өтембаев Е.Ә. - Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинеті Іс Басқарушысының бірінші
орынбасары, комиссия төрағасы
- Смағұлов Қ.М. - Қазақстан Республикасы Экономика
министрінің бірінші орынбасары,
төрағаның орынбасары
- Әміреева К.Б. - "Легпром" мемлекеттік холдинг
компаниясының вице-президенті
- Ахметбеков М.Ү. - Қазақстан Республикасының Экономика
министрлігі жанындағы Үйлестіру және
кадрлар даярлау басқармасының бастығы
- Басенов Ғ.Т. - "Машина жасау зауыты" акционерлік
қоғамының президенті
- Кучинский А.М. - "Азат Концерні" акционерлік қоғамының
президенті
- Мулявина Н.Д. - "Надежда" акционерлік қоғамының бас
директоры
- Мұхамеджанов Б.Ғ. - Қазақстан кәсіпкерлері Конгресінің
вице-президенті
- Сәрсенбеков А.С. - "Аққу" акционерлік қоғамының бас
директоры

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 9 қаңтардағы
N 24 қаулысымен

Бекітілген

**Нарықтық экономика кезінде мамандарды қайта даярлау
мен олардың біліктілігін арттыру және кәсіпорындардың
басшылары мен кәсіпкерлер үшін оқу турларын ұйымдастыру
саласындағы сыртқы байланыстарды үйлестіру жөніндегі**

Ведомствоаралық комиссиясы туралы

ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже нарықтық экономика кезінде мамандарды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру және кәсіпорындардың басшылары мен кәсіпкерлер үшін оқу турларын ұйымдастыру саласындағы сыртқы байланыстарды үйлестіру жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі - Ведомствоаралық комиссия) мақсатын, міндеттері мен негізгі қызметтерін белгілейді.

2. Ведомствоаралық комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілерін басшылыққа алады.

3. Ведомствоаралық комиссия құрудың мақсаты мамандарды таңдау процестерін үйлестіру мен олардың шет елде дайындалуын ұйымдастыру болып т а б ы л а д ы .

4. Ведомствоаралық комиссияға негізгі міндетке сәйкес мынадай қызметтер ж ү к т е л е д і :

мамандарды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру жөнінде шет елдік әріптестермен байланыс орнату және бағдарламалар мен жұмыстарды к е л і с у ;

министрліктердің, ведомстволардың, концерндердің, ассоциациялардың және басқа экономикалық құрылымдардың шетелде мамандар даярлау жөніндегі ұсынып отырған жобаларын қарау;

нарықтық экономиканың мамандықтары бойынша кадрлар даярлау үшін жобаларды қаржыландыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

шет елдерге оқуға мамандар жіберу туралы түпкілікті шешімдер қабылдау үшін стажерлер кандидатураларын алдын-ала конкурс арқылы іріктеу м а т е р и а л д а р ы н қ а р а у ;

шет елдердегі оқу орталықтарына оқуға түсу үшін конкурс өткізу мерзімдері мен шарттары туралы басшыларды, мамандар мен кәсіпкерлерді хабардар ету;

Ведомствоаралық комиссияның негізгі қызметі үшін қажетті және заңға қайшы келмейтін өзге де функцияларды жүзеге асыру.

5. Ведомствоаралық комиссияның шет елдерде кадрлар даярлауға байланысты жекелеген мәселелерді зерделеу үшін жұмыс тобын құруға құқығы б а р .

6. Ведомствоаралық комиссияның мәжілісі оның жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Жоспардан тыс мәжіліс қажеттілігіне қарай, төрағаның шешімі б о й ы н ш а ө т к і з і л е д і .

7. Ведомствоаралық комиссияның төрағасы комиссия жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін жұмыс жоспарына сәйкес қамтамасыз етеді , төрағаның орынбасарлары мен мүшелерінің өкілеттігін белгілейді.

8. Ведомствоаралық комиссияның шешімдері мәжіліске қатысып отырған

мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

9. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің Кадрларды үйлестіру және даярлау басқармасы Ведомствоаралық комиссияның жұмыс органдары болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК